7.3 Жер асты қоймалары бар автомобильдерді СКГ құюға арналған моноблокты толық зауыттық дайындықтың блоктары түрінде жасау қажет және СКГ көліктік құралдарды қабылдау, сақтау және құю бойынша технологиялық операцияларды жүзеге асыруға арналған қажетті жабдықпен жабдықталуы тиіс.

7.4 Сыртқы ортаның климатикалық факторлардың әсер етуде СКГ арналған моноблокты қоршаған ауаның - 40°C-тан +45°C-қа дейінгі температуралар аралығында және 30%-дан 98%-ға дейінгі ауаның салыстырмалы ылғалдық аралығында пайдалану керек.

7.5 Сыйымдылықтың сыртқы беттері үшін бояу жолымен коррозиядан қорғауды қарастыру тиіс. Ақ түсті бояулы жабын таза және бұзылмаған күйде сақталады.

7.6 СКГ арналған моноблок автомобильдерді тек қысымда болған және оңай тұтанатын болып табылатын сұйытылған көміртекті газбен ғана құю үшін арналғанын ескеру керек.

7.7 СКГ айналатын, технологиялық жабдықта қолданатын қол және дистанциялық жетегі бар тиекті құбыржолды арматура (электрмагнитті қоса алғанда) ГОСТ 9544 бойынша бекітпелердің қымталығының В тобына сәйкес келуі тиіс.

Бұратын құбырлардан және келте құбырлардан СКГ қоймаларының қымталығы үшін арналған тиекті арматураның, сондай-ақ апатқа қарсы қорғаудың тиекті, сақтаушы және реттеуші арматуралардың беріктілігіне сынау параметрлерінің паспорттық мәндері мына мәндерден төмен болмауы тиіс:

- Бас тартуға жұмыс көлемдері – 20000 циклден кем емес (20000 сағат);
- Элементтерді ауыстырумен байланысты техникалық қызмет көрсетудің кезеңділігі 5 жылда бір реттен жиі емес.

Қолданылатын тиекті арматураның толық тағайындалған ресурсы, соның ішінде еріксіз жетек 20%-дан кем емес есептік шамаға асу керек және ТПҚ көрсетілуі тиіс.

7.8 Жанғыш сұйықтықтары (майлар, суутушы сұйықтықтар және т.б.) бар жабдықты осы сұйықтықтардың өзінше тұтану температурасынан 80% асатын немесе тең қабырғалар температурасы болған жабдықтары бар орындарда орналастыруға жол берілмейді (ГОСТ 12.1.004-91 сәйкес).

Технологиялық жүйелердің құрылысы СКГ және оның булары орналасқан, оның бөлшектеуісіз болған жабдықтың ішкі кеңістігі сияқты СКГ үшін жабдықтардың қабырға аралық кеңістігін инертті газбен үрлеуден және отыннан өрттік жарылыс қауіпсіздік босатуды өткізу мүмкіндігін қарастыру қажет. Бұл кезде босату құбырларына жоғарынан тік СКГ-дан (оның буларын тастау жолымен) орындарында жер асты орналасқан жабдықтар және құбырлардың екі жағынан қиылған босатудың процесімен дистанциондық (АЖС операторлықтан) және автоматты (өрттік хабарландырушыларының немесе жарылысқа дейінгі шоғырланулардың дабыл бергіштердің жұмыс істеуінде) басқаруы қарастырылуы тиіс.

7.9 Егер зауыт-дайындаушы барлық технологиялық жүйенің отындық жабдығының қымталығын осы жүйеге техникалық – пайдаланушы құжаттамада регламенттелген қызмет мерзімі бойы кепілдемесе, онда көрсетілген жабдықтың құрылысы тікелей нысанда оның қымталығына өрт қауіпсіздік кезеңдік сынақтарын өткізуге мүмкіндік беруі тиіс.

7.10 Әр дербес технологиялық учаскенің жұмысын, басқаруын және апаттық өшірілуін бақылаудың автоматтандырылған жүйенің аспаптық панелінің орналасуы АЖС-АГЖС операторлықта қарастырылуы тиіс.

7.11 Көрсетілген жүйелердің қайталау құрылғылары АЖС-АГЖС технологиялық жүйелері орналасқан құрылыстарын сырттан қоршалған немесе осы ғимараттан тікелей сыртқа шығуы бар ғимараттың жеке орындарында орналастыруға жіберіледі.

7.12 Кіруші және бұрушы отындық құбыржолдарда тиекті арматура ғимарат (құрылыстан) сыртта орналасуы тиіс.

7.13 Елді мекен пунктерде орналасқан АЖС-АГЖС-на СКГ арналған қоймаларының жалпы сыйымдылығы 20 м^3 -ден, ал дара - 10 м^3 -ден аспауы тиіс.

7.14 Елді мекен пунктерінен тыс аумақтарда орналасқан, АЖС-АГЖС –да СКГ арналған қоймалардың жалпы және дара сыйымдылығын 2 реттен көп емес көбейтуге болады.

7.15 СКГ сақтауға арналған қоймалар олардың толтырудың шекті рұқсат деңгейінің жоғарлауын автоматты алдын алу жүйесімен жабдықталуы тиіс (85% олардың геометриялық көлемі).

7.16 СКГ сақтауға арналған қоймаларға құбыржолдарды, жалғастықтарды, кіші құбырларды, люктерді және т.б. енгізу олардың толтырудың номиналды деңгейінен жоғары орналасқан жерлерде жүзеге асыру нұсқаулық етіледі.

7.17 СКГ қысымын жоғарлату мүмкіндігін немесе ТПҚ-та келтірілген жіберілген мәндерден жоғары технологиялық жүйенің қандай да бір учаскелерінде оның буларын апаттық жағдайда пайда болдыратын техникалық шешімдерді қолданған жағдайда, көрсетілген учаскелерде қысымның автоматтық бақылау жүйесін қарастыру қажет. Құбыр жолдардың бақыланатын учаскелерінде қысымның жіберілетін мәндерден жоғарлау кезінде автоматтық бақылау жүйесі дабылдануды (жарықтық және дыбыстық дабылмен), отынмен резервуарларды толтыру және АЖС-АГЖС-да оны тұтынушыға беру бойынша операцияларды тоқтатуды қамтамасыз ету тиіс.

7.18 СКГ қоймаларын толтыруы тек АЦ-дан қарастырылуы тиіс. Бұл қоймалар АЦ-да олардың апаттық босату желілерімен жабдықталуы тиіс.

7.19 СКГ буларының тастау құбыры өрттің әсерінен (жылу оқшаулағыш, сулы сулау) қозғалмалы өрттік техниканың келуіне және өрбітуге арналған қажетті уақыт бойы оның жұмыс істеуін қамтамасыз ететіндей етіп қорғалуы тиіс.

7.20 СКГ булы және сұйық фазасы үшін ТС құбыржолдарда олардың АЦ жеңдерімен және көліктік құралдардың құю құрылғыларымен қосылған жерлерге жақын жерлерде көрсетілген жеңдер мен құю құрылғыларының қымталығы бұзылған жағдайда атмосфераға ТС құбыржолдардан газдың келуін алдын алуын қамтамасыз ететін арнайы құрылғылар қарастырылуы тиіс.

7.21 Жер үсті қоймалар атмосфералық коррозиядан ҚР ҚН 4.03-01-2011 сәйкес қорғалуы тиіс, ал күн сәулесімен қызудан қорғау үшін ақ немесе күміс түске боялған.

7.22 Құю уақытысында АЖС-АГЖС қоймаларының құю құрылғыларынан 8 метрге жақын арақашықтықта авто көліктің қозғалысына жол берілмейді.

7.23 Мұнай өнімдерін АЖС-АГЖС жер асты және жер үсті қоймаларына ағуы қымтақталған болуы тиіс. Түсетін ағыстың ағуына жол берілмейді.

7.24 Автоцистерналарды жерге қосылғаннан кейін олардың жұмыс істемейтін тетігі кезінде ағу жүргізіледі.

7.25 Инвентарлық өткізгіш бар болған жағдайда жерге қосуды мына тәртіпте жүргізеді: жерге қосылатын өткізгішті цистерна тұрқысына, ал кейін жерге қосылатын құрылғыға жалғайды. Жерге қосылатын өткізгіштерді АЦ-ның боялған және ластанған металл бөліктеріне жалғауға жол берілмейді. Автоцистерналардан мұнай өнімдерін толық ағуына дейін оларды жерге қосылуы тиіс.

7.26 Ағу уақытында АЦ жерге қосылатын құрылғыға жалғануы тиіс. Иілгіш жерге қосылатын өткізгіш АЦ тұрқысына үнемі жалғануы тиіс және ұшында ұстағыш немесе жерге қосылатын құрылғыға жалғауға арналған бұрандасы бар ұштық болуы тиіс.

7.27 Жерге қосу қоймалардың ағу құрылғыларынан шлангтерді ажыратқаннан кейін алынады, алдымен жерге қосылатын құрылғыдан, кейін цистерна тұрқысынан.

7.28 қоймалардың есік қақпақтарын және құдықтарын жайлап, соққысыз, ұшқынды пайда болмайтындай етіп ашу және жабу қажет.

7.29 Автомобильді цистерналар, құдықтар және қоймалардың есіктерін ашатын жұмысшылар мұнай өнімдерінің буларын ішке жұтуына әкелмеу үшін жел жақтан тұруы тиіс.

7.30 Мұнай өнімдерін автоцистерналардан АЖС-АГЖС қоймаларына құю процесі АЖС-АГЖС операторы және автоцистерналардың жүргізушінің қатысуында жүргізілуі тиіс.

7.31 Мұнай өнімдерінің ағуы табылған жағдайда ағуды тез тоқтату қажет.

8 Сәулет-құрылыстық шешімдер

8.1 АЖС-АГЖС аумағында мынадай ғимараттарды (бөлмелерді): АЖС-АГЖС қызметкерлерін, жүргізушіні, жолаушыларды және көліктік құралдарды, әкімшілікті, тамақ қабылдау, күзет қызметін, арнайы киімдердің қоймаларын, тазалық бөлмелерін, аспаптар бөлмесін, қосымша бөліктер, бөлшектер, аспаптар, жабдықтар бөлмелерін, тауарлар дүкенін, техникалық қызмет көрсету постарын және автомобильдерді жуу, сондай-ақ операторлықты сервистік қызмет көрсету орындарын орналастыруы мүмкін.

8.2 Әкімшілік-тұрмыстық орындар ереже бойынша бір қабатты, С0 тобының жалынға төзімділіктің I немесе II деңгейлі болуы тиіс. Жеңіл тұтанатын және жанатын сұйықтықтарға арналған қоймалық орындары жоқ болған жалпы ауданы 150 м² –ден көп емес С0 жалынға төзімділіктің I немесе II деңгейлі екі қабатты ғимараттарды жобалауға болады.

8.8 АЖС-АГЖС қызметкерлеріне арналған орындарды, операторлықты қоса алғанда сервистік қызмет көрсету ғимараттарда қарастырылуы жіберіледі. Көрсетілген ғимараттар негізгі ғимараттың жалынға төзімділік деңгейіне сәйкес келетін құрылыста орындалуы тиіс, жүргізуші, жолаушы немесе олардың көліктік құралдардың сервистік қызмет көрсету орындарынан өртке қарсы 1-ші типті қалқалармен және 3-ші типті жабындармен бөлектенуі тиіс.

8.9 Бір ғимаратта қосуға жол берілмейді:

- Көліктік құралдардың сервистік қызмет көрсету орындарын жүргізушілердің және жолаушылардың сервистік қызмет көрсету орындарымен;
- Жеңіл тұтанатын және жанатын сұйықтықтарды құрайтын тауарларды және

жалпы тақтану тауарларын қарастыратын дүкен орындары. Егер көрсетілген тауарлар жүргізуші және жолаушыларды қызмет көрсететін орыннан 1-ші типті өрттік қауіпсіздік қалқалармен бөлектенген қоймада ғана орналасқан жағдайда дүкен орнын жалпы тамақтану орындары бар бір ғимаратта орналасуы жіберіледі.

8.10СКН-да жұмыс істейтін автомобильдерді жуу және техникалық қызмет көрсетуге арналған орындар бір немесе бірнеше бөлек тұрған ғимараттарда қарастырылуы тиіс. Бұл ғимараттарда бензинде және дизельді отында жұмыс істейтін автомобильдердің техникалық қызмет көрсету және жууға арналған орындар қарастырылуы тиіс. СКГ-да жұмыс істейтін автомобильдерді жуу орындары бір автомобильді орнатуда жобалануы тиіс, және басқа орындардан 1-ші типті өрттік қауіпті қалқаларымен бөлектенуі тиіс. Жанатын материалдарды қолданып бояулауыш жұмыстарды қарастыруға жол берілмейді.

8.11 СКГ булардың босату құбыры АЖС-АГЖС-қа қатысты нысанды орналастыру аумағында, сондай-ақ АЖС-АГЖС технологиялық жабдықтар, ғимараттар, құрылыс аумағында және көліктік құралдардың жолаушылар және жүргізушілердің мүмкін болу орындарында жарылысқа қауіпті қоспалардың пайда болуын жоятын биіктікке, диаметрге, құрылысқа және орналасуына ие болуы тиіс.

8.12Атмосфераға технологиялық жүйенің жабдығынан (қоймаларда алмағанда) СКГ буларын босату қажеьілігінде (өрттік қауіпті жағдай немесе өрт пайда болғанда) АЖС-АГЖС технологиялық жүйенің құрылыс оларды тек босату құбырлары арқылы жүзеге асыру мүмкіндігін қарастыру керек.

8.8 СКГ құю аралшалардың арасында, сондай-ақ олардың және отынның басқа түрдегі құю аралшаларының арасында биіктігі 2 м-ден кем болмаған жанбайтын материалдан (мысалы, металл, бетон, кірпіш) қорғауыш экрандар жасау қажет. Қорғауыш экрандардың ендері құюшы көліктік құралдардың ұзындық екі жағынан кемінде 0,5 м асуы тиіс.

8.13 АЖС-АГЖС жобалауда мынларды қарастыруға жол берілмейді:

- Сұйық моторлық отыны бар АЦ және СКГ бар автоцистерналарға арналған жалпы алаңдар;
- АЖС-АГЖС-да екі және одан да көп автоцистерналардың болуы;
- АЖС-АГЖС жұмысын тоқтатусыз сұйық моторлық отынмен немесе СКГ қоймаларды толтыру, ГСМ ағызуы оны ағызу мезеті кезінде келетін отынның түрін тоқтатады, бірақ бұл кезде СКГ құю тоқтытылмайды. СКГ ағызуда тек газ баллонды автомобильдерді құю ғана тоқтатылады.

8.9 Тазалу құрылыстарының құрылғылары қабылдау жаймаларын және қосу құбыр жолдарын қоса алғанда олар бойынша СКГ және әр құю аралшалар және АЦ арналған алаңдар шектерінен оның буларының таралу мүмкіндігін жоюы тиіс.

9 Инженерлік байланыстарға болған талаптар

9.1 АЖС-АГЖС сумен жабдықтау, өртті сөндіру және канализациясы

9.1.1 АЖС-АГЖС аумағында шаруашылық – ауыз су құбырының су құбыр желілерінің аумағынан тыс АЖС-АГЖС орналастыру қарастыруға жол берілмейді, сцмен қамтамасыз етілуі оны бактерде немесе цистерналарда әкелумен жүзеге асырылады.

9.1.2 АЖС-АГЖС қызмет көрсетуші қызметкерлеріне арналған шруашылық-ішетін қажеттіліктерге кеткен су шығыны бір адамға кеткен шығын нормасынан-25 л/тәу. қызметкерлер ауысым санынан есептеумен анықтайды.

9.1.3 АЖС-АГЖС, олардың орналасу орнына тәуелсіз жоғары қысымды сыртқы өртке қарсы су құбырымен жабдықталуы тиіс.

9.1.4 Сыртқы өртті өшіруге судың беруі және суару өртке қарсы су қоймалары немесе қоймаларынан өртті сөндіру сораптық станциялары арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Қоймалар көлемі 9.1.10 сәйкес сыртқы өртті сөндіруге кеткен су шығынының

есептеуінен анықталады. Өрттен кейінгі судың жұмсалмаған қорын қайта қалпына келтіруі 24 сағ. аспауы тиіс.

9.1.5 Өрт жағдайында СКГ бар авоцистерналарды және қойма алаңында СКГ бар жер үсті (жабдығын) суутуын қамтамасыз ету үшін көрсетілген жабдықтың бетіне суды беруін қамтамасыз ететін сулы суару жүйесінің құрылғысын қарастыру қажет. Сулы суару жүйелері операторлық бөлмесінен дистанциялық қосылумен АЖС-АГЖС өртке қарсы су құбырына қосылуы тиіс. Сулы суару жүйесін орналастыру және құрылыстық орындауы оның өрттің жылу сәулеленуіне төзімділігін қамтамасыз ету тиіс.

9.1.6 Өртті сөндіру мақсатында 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 14 «Өрттік қауіпсіздікке болған жалпы талаптар» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген техникалық регламентінің 17-қосымшасы 5-кестесіне сәйкес алғашқы өрттік сөндіру құралдары қарастырылуы тиіс.

9.1.7 АЖС-АГЖС аумағында өрттік мүмкін ошағынан өрттік қалқанның орналасуына дейінгі арақашықтық 30 м-ден аспауы тиіс, көрсетілген қалқандарға дейінгі минималды жіберілетін арақашықтық олардың көрінетін жерлерде орналастыру шарттарынан, пайдалану ыңғайлығынан және адамдарды қауіпсіздік эвакуациялау үшін бөгеттердің жоқтығынан және технологиялық процесстерді жүргізуінен анықтайды

9.1.8 АЖС-АГЖС сыртқы өртті өшіруі кемінде екі гидранттардан жүзеге асырылуы тиіс

9.1.9 АЖС-АГЖС барлық бөлмелері, Д санатты бөлмелерін ескермегенде, машиналарды жуу өрттік дабылдану қондырғыларымен жабдықталуы тиіс.

20м² –ден көп болған ауданымен техникалық қызмет көрсету постарының бөлмелері және қоймалық орындар ЛВЖ және ГЖ болғанда – ауданына қарамастан, сондай-ақ СКГ айдау үшін жабдығы орналасатын бөлмелер, автоматы өрттік дабылдану қондырғысынан басқасы автоматтық өрт сөндіру қондырғыларымен жабдықталуы тиіс. ЛВЖ және ГЖ сату бойынша дүкеннің сауда залын автоматтық өрт сөндіру қондырғыларымен жабдықтау қажеттілігін анықтауда оны қоймалық орындарға теңестіру қажет.

9.1.10 Сыртқы өртті сөндіруге кеткен су шығынын СКГ бар жер үсті орналасқан жабдықтардың, өзіне АЦ суутуға кеткен судың жалпы санын және «Өрттік қауіпсіздікке болған жалпы талаптар» техникалық регламентіне сәйкес ғимараттардың өртті өшіруіне шығын максималды мәнін қосатын, судың жиынтық шығыны ретінде есептеумен анықталады.

АЦ-ны суутуна және СКГ бар жер үсті орналасқан жабдыққа кеткен су берудің қарқыны қабылдау керек:

- АЦ беті үшін 1 м² қорғалатын жазықтығына - 0,1 л/с;
- Функционалдық жабдықты орналастыру орындары үшін, сыйымдылықтарды, баллондарды, жалғақтарды және сақтандырғыш қақпақтарды, өшіруші арматураның түйіндерін, құбыр жолдары және сораптық жабдықтарды қоса алғанда - 1 м² қорғалатын жазықтығына 0,5 л/с.

Суутуға суды берудің есептеулік уақытын 60 мин-тан кем емес қабылдау тиіс

9.1.11. Құбырлардың су құбырларын салу тереңдігі төменнен сағанда қатудың есептік тереңдігінен 0,5 м-ге көп болуы тиіс

9.1.12 Салудың кіші тереңдігі орнын басушы шараларды орындауда жіберіледі: құбырлар және түйісу қосылыстар олардың мұзға төзімділігі, арматураның қатуын, суды беруде үзілістерде құбырларда мұзды қақпақтардың пайда болуын, өткізуші мүмкіндіктерін төмендетуін жою.

9.1.13. Су құбырларының авто жолдармен қиылысқанда жер төсемінің жиегі шектерінен шығатын қынаптарды немесе үйінді етегін қарастыру қажет, шұңқырлау жиегі әр жақтан 3 м-ден кем болмауы тиіс.

9.1.14 Суқұбырлы құдытан жоғарыда көрсетілген элементтерге дейін арақашықтықты сондай-ақ 3 м-ден кем емес қабылдау қажет.

9.1.15 Аумақтың жоспарланған беті үстінде 0,5 м-ден кем топырақтың қашылауы

бар жер асты өртке қарсы қоймалар көліктің мүмкін болған жүруінен қорғалуы тиіс, бұл кезде қоймалардың жылытуын қамтамасыз ету керек

9.1.16 Қоймаларды темір бетонды құрылыстан жобалауы тиіс, негіздеуде оларды тиісті дәрежеде пайдаланушы сапаны қамтамасыз ететін, басқа материалдардан орындау жіберіледі.

9.1.17 СКГ айдауға арналған жабдықтың бөлмелерінде 200 м²-ге дейін бөлмелер ауданында ұнтақтың 100 кг-нан кем емес есептеуде ұнтақтық өрт сөндіргіштерді қарастыру тиіс.

9.1.18 Компрессорды суутудан кейін суды қайтаруды СКГ канализацияға түсу мүмкіндігін жоятын, гидро бекітпе арқылы тұрмыстық канализацияны қарастыру қажет.

9.1.19 Қоймаларды булағаннан (шайғаннан) кейін ағынды суларды жіберуді тұндырғымен қарастыру тиіс, оның құрылысы мұнай өнімдерінің құрамына ұқсас, жүзуші ластануларды қағып алу мүмкіндігімен болуы тиіс.

9.1.20 Беттік сулардың кетуі, сондай-ақ сақтау базасының қашыланған аумағы бар қоймаларды гидравликалық сынақтан кейінгі сулардың кетуі гидробекітпесі немесе тартпасы бар жаңбыр қабылдаушы арқылы немесе санэпидқадағалау органдарымен келіскен жағдайда жергілікке суды жіберумен қарастыру қажет.

9.1.21. СКГ айдауға арналған жабдықтар бөлмелерінен өндірістік канализация шығуларында гидро бекітпелері бар құдықтарды қарастыру тиіс

9.1.22 Осы ғимараттардан, В-1г топты жарылыс қауіпті аумақтары бар сыртқы қондырғы және құрылыстардан 50 м-ге дейінгі радиус аумақта орналасқан құдықтарды екі қақпақпен қарастыру қажет, бұл қақпақтардың арасындағы кеңістік 0,15 м-ден кем емес биіктікте топырақпен төсенілуі тиіс немесе ағу жағдайда құдықтарға газдың түсуін жоятын басқа материалмен тығыздалуы тиіс.

9.1.23 Тазалау құрылыстардың құрылғылары, қабылдау тартпаларды және қосушы құбыр жолдарды қоса алғанда әр құю аралшалар және АЦ алаңдар шектерінен СКГ таралу мүмкіндігін жою тиіс.

9.1.24 Отын-таратушы бағаналарды өртті сөндірудің өзінше жұмыс істейтін модульдерімен жабдықтау нұсқаулық етіледі.

9.2 АЖС-АГЖС жылыту және желдету

9.2.1 АЖС-АГЖС ғимаратының блмелерін жылыту 70 °С-дан 95 °С-ға дейін параметрі бар сулы жылу тасушы қарастыру қажет. Қыздырушы аспаптар – шойын радиаторлар, тегіс құбырлардан болған тіркелімдер.

9.2.2 АЖС-АГЖС ғимаратының желдетуі табиғи немесе автономды ауабптағышты (сплитжүйе) қолдана отырып қарастыру керек.

Техникалық қызмет көрсету бөлмелерінде ауалық ортаның талап етілетін шарттарын қамтамасыз ету үшін механикалық оятуы бар жалпы ауысымды ағынды-соратын желдетуді қарастыру қажет.

9.3 АЖС-АГЖС электрмен жабдықталуы, найзағайдан қорғалуы және байланыс

9.3.1 АЖС-АГЖС электр қабылдауыштары электрмен жабдықтаудың сенімділігіне қатысты І санатқа қарайтын апатқа қарсы қорғаудың электр қабылдауыштарды қоспағанда (АЦ алаңынан СКГ буларының сору жүйесін және апаттық желдетуін қосқанда) III санатқа қарастыру қажет.

9.3.2 Электрмен жабдықтау сұлбасы мыналарды қарастыру қажет:

- Өрттің пайда болған жағдайда СКГ айдауға арналған жабдықтар бөлмесінде сораптар мен компрессорларды автоматты өшіруі және желдету жабдығының орталықтандырылған өшіруі;

- Бөлме ауасында газдың қауіпті шоғырлануында;
- Сораптар және компрессорлардың автоматты өшірілуі және апаттық желдетуді қосу.

9.3.3. СКГ айдауға арналған жабдықпен қарастырылатын ТС, қоймаларды (түтіктерді) толтыру операторлық және ТС элементтер бөлмесінде орналасқан электр қорек қол сөндіргіштермен жабдықталуы тиіс (автоматтық өшіруге тәуелсіз).

9.3.4 Электр жабдықтарды және жарықтандыруды қоректенуді ТП және РУ бойынша жүзеге асыру керек.

9.3.5 АЖС-АГЖС сақтау базасының аумағында электрлік беру ауалық желілерін салуға жол берілмейді.

9.3.6 Сақтау базасының аумағында орналасатын БӨП және электр жабдығы жарылыс қорғалған орындауда болуы тиіс.

9.3.7 Жарылыс қауіпті аумақтарда қолданылатын электр жабдықтар (электр шамдар) жарылысқа қарсы жоғарлатылған сенімділіктен төмен емес жарылыс қорғау деңгейіне ие болуы тиіс. Жарықтандыру аспаптарды қоректендіру үшін 220 В-тан көп емес кернеу қолданылуы тиіс.

9.3.8 АЖС-АГЖС-да сыртқы жарықтандыру, ал СКГ айдауға арналған жабдықтар бөлмелерінде – жұмыс және қосымша апаттық, операторлық бөлмесінде – жұмыс жарықтандыру қарастырылуы тиіс.

9.3.9 Жарықтық көрсеткіштер, (соның ішінде гидранттар, өрттік қоймалар және т.б), жарық жол белгілері сыртқы жарықтандырудың түнгі режимінен немесе ғимарат желісінен қоректенуі тиіс.

9.3.10 Сыртқы жарықтандырумен басқаруды қызметкерлердің үзіліссіз болатын жерлерден қарау керек.

9.3.11 Қалқаның және бөлменің электр жарықтандыруын операторлықта орналасқан ШР қалқасынан қарастыру керек.

9.3.12 Ғимараттар, құрылыстар, сыртқы техникалық құрылғылар үшін НҚ 34.21.122-87 талаптарына сәйкес ІІ санатты найзағайды бұруды қарастыру қажет.

9.3.13 Найзағайды бұруды қорғау аумағын есептеу НҚ 34.21.122-87 сәйкес орындалуы тиіс.

9.3.14 Жерге қосуға өндірістік тағайындалудың метал құрылысы, электр жабдығының тұрқысы және қаңқасы, сыртқы жарықтандырудың тіректері ұшырайды.

9.3.15 Метал қалқасы бар құю бағаналарды найзағайдың тура соққыларынан қорғау үшін жерге қосқыштар балқытылатын металқұрылысты қалқалардың ток бұрғыштар ретінде пайдалануға болады. Әр бағана жерге қосқышқа кемінде екі жерде балқылануы тиіс.

9.3.16 СКГ-ны және автоцистерналарды найзағайдың тура соққыларынан сақтауға арналған қоймаларды қорғау үшін жеке тұрған найзағайды бұру қарастырылуы тиіс. Найзағайды бұруды жерге қосу үшін көлденең қосылған, тік электродтардан орындалған жасанды жерге қосқыштарды пайдалану қажет. Тік электродтар арасындағы арақашықтық 5 м-ден кем болмауы тиіс. Жерге қосу контуры 0,5 м-ден кем емес ойылуы тиіс.

9.3.17 Жерге қосудың сыртқы контурын 0,5 м-ден кем емес ойылған болатты сызықтан орындалуы тиіс. Ток бұрайтын қосылыстардағы контурға бір тік электродты пісіру керек.

9.3.18 Жоғары потенциалды сыртқы жер үсті газ құбырлары бойынша күртіктерінен қорғалуы оларды ғимаратқа енгізуде найзағайдың тікелей соққыларынан жерге қосуына қосылу жолымен орындалады, ал жақын тіреуішке енгізуде – оның темірбетонды фундаментке немесе ұзындығы 5 м-ден кем емес тік немесе көлденең электродтан тұратын жасанды жерге қосу жолымен орындалады.

9.3.19 Найзағайлардың екінші рет пайдалануынан қорғау үшін жабдықтардың металл тұрқыларын және газ құбыры жерге қосылатын құрылғыға қосылуы тиіс.

9.3.20 СКГ-ны құю-ағызу кезінде статикалық электрліктің зарядтарын бұру

мақсатында автоцистерналарды және газ баллонды автомобильдерді жерге қосу үшін жарылыстан қорғалған жерге қосуды қарастыру қажет.

9.3.21 Жарылыстан қорғауыш электр жабдықтарды жерге қосу (нөлдеу) үшін қоректенуші сымның төртінші және бесінші сіндірін, ал басқа жабдықтар үшін (технологиялық жабдық) – жерге қосудың сыртқы контурын пайдаланады.

9.3.22 Шамдарды жерге қосу үшін қалқаннан желінің үшінші (қорғауыш) сымын қолданады.

9.3.23 Автоцистерналар және газ баллонды автомобильдердің жүргізушілері және қызметкерлерді хабардар ету үшін дауыс зорайтқыш байланысты қондыруды қарастыру қажет. Кшейткішті энергия желісіне қосу керек және операторлық немесе оның қабырғасына орнату қажет.

9.3.24 АЖС-АГЖС үшін сыртқы телефондық байланысты және аумақта дауыс зорайтқыш арқылы диспетчерлік хабарлауды қарастыру қажет.

9.4 Автоматика және БӨП

9.4.1 АЖС-АГЖС–да өртке қарсы қорғау, апатқа қарсы қорғаудың автоматика жүйелерін қарастырылуы тиіс.

9.4.2. Көрсетілген жүйелердің қосарлану құрылғыларын ТС элементтері орналасқан және одан сыртқа шығатын шығуы бар бөлек орында немесе ғимаратта орналастыру жіберіледі.

9.4.3 АЖС-АГЖС учаскелерінің бірінің апатқа қарсы қорғаудың автоматтық жүйелері жұмыс істеуде апаттың кейінгі дамуын алдын алуын қамтамасыз ететін, барлық технологиялық учаскелердің апатқа қарсы қорғаудың жүйелерін іске қосудың автоматты келтірілуі қарастырылуы тиіс (құбыржолдарды қию, отынды айдау үшін жабдықты өшіру, суару жүйесін қосу, жабдықтың электр жетектерін тоқтан ажырату).

9.4.4 СКГ қоймаларынан біреуін толтыруда қалған қоймалардың толтыруы, АЖС-АГЖС құю бағаналарды өшіру және СКГ айдауға арналған қалған жабдықтарды өшірудің автоматтық режимінде қамтамасыз етілуі тиіс.

9.4.5 СКГ-ны сақтауға арналған қоймалар жобаның технологиялық бөлімдермен қарастырылған олардың толтырудың жіберілетін шекті деңгейінің асуын автоматты түрде алдын алу жүйесімен жабдықталуы тиіс.

9.4.6 Газдандық дабылданушылардың бергіштерін СКГ құюға (құю бағанада) көліктік құралдарды орнатуға арналған алаңдар деңгейіне 50-100мм биіктікте немесе технологиялық құдықтар және шахталар түбінде орнату қажет. Дабылдатқыштар бергіштерін АЦ алаңында қоймаларда СКГ беру желісімен АЦ ағу жеңдерінің ажырату қосылыстарында орнату ұсынылады.

9.4.7 СКГ айдауға арналған жабдықтардың бөлмелерінде орнатылған жарылысқа дейінгі шоғырлану дабылданушылардың жұмыс істеуде, АЦ-дан СКГ ағызуын тоқтататын автоматты операциялармен орындалатын, АЦ еркін кеңістігіне СКГ қоймаларын және буларын беру газ құбырларына тиекті арматураны жабу, АЦ алаңында апаттық желдеткішті қосу және ағу туралы дабылданудың жұмыс істеуі босату құбыр арқылы СКГ буларын тастау, АЦ қосуға арналған қоймадан жалғаққа дейін қималанған, СКГ буларын қайтару және толтыру желілерінің автоматты босатылуын, сондай-ақ копрессорлар және сораптардың өшірілуі қамтамасыз ету тиіс. .

9.4.8 БӨП және автоматика желілерін электрмен жабдықтау сымдарымен бірге салуға жіберілетін сымдармен орындау қажет.

9.4.9 Сымдарды салуға және автоматикаға болған талаптар электрмен жабдықтау сымдарына болған талаптарға ұқсас.

9.4.10 Толтырудың номиналды деңгейден төмен газды құбыр енгізуі бар қоймаларды қолдану жіберіледі және мынадай құрылғылармен қамтамасыз етілуі тиіс:

- газ құбырлар бойынша газ апаттық шығында қоймадан СКГ шығуын автоматты

алдын алуын;

- газ құбырларды қауіпсіз жабуын қамтамасыз етілуін.

9.4.11 Компрессорлар және сораптар техникалық паспорттарда сондай-ақ мынадай жағдайларда қарастырылатын барлық жағдайларда электр тетіктерді өшіретін автоматикамен жабдықталуы тиіс:

- орындардың газдандық жағдайында (жабық орындарда жабдықтарды орналастыруда);
- 1,6 Мпа-дан көп насостар және компрессорларда сықағыш желілерде және 0,05 Мпа-ға дейін соратын желілерге дейін қысымның төмендеуі;
- толтырылған қоймада максималды деңгейді жету.

9.4.12 Бөлмелерде орнатылатын сораптардың электр жетектерін және компрессорларын желдеткіштер өшіруде жұмыс істейтіндей етіп соратын жүйенің желдетулермен бұғаттау тиіс.

9.4.13 Компрессорлардың соратын желілеріне деңгей дабылданушылар және құрғатқыш құрылғылармен жабдықталатын, конденсатты жинақтаушылар орнатылуы тиіс. Деңгей дабылдатқыштары конденсат жинақтаушыларда СКГ максималды деңгейде компрессорлардың тоқтатылуын қамтамасыз ететін, компрессоры бар бұғаттауға ие болуы тиіс.

9.4.14 Помещения установки оборудования для перекачивания СКГ должны оборудоваться автоматической пожарной сигнализацией.

Өрттік дабылдануы қосылғанда автоматты режимде мыналар қамтамасыз етілуі тиіс:

- операторлық бөлмесінде қызметкерлердің тәулік бойы болғанда бөлмеге өрт туралы дабылды беру;
- қоймаларды (түтіктерді) толтыру бойынша операцияларды тоқтату;
- АЦ еркін кеңістігінде СКГ булары және қоймаларға сұйық фазаны газ құбырларына жетек арматураны жабу;
- барлық тарататын бағаналарды және СКГ айдауға арналған жабдықтарды өшіру.

9.4.15 Бағананың басқарылуы басқару блогының көмегімен қарастырылуы тиіс, ол басқару органдардан және шығын түрлендіргіш бергіштерінен дабыл бойынша электр қақпақты қосады немесе өшіреді, сондай-ақ орнатылған мәліметтерді енгізу және құю мөлшерін мәнін шығару, бір реттік құю құнын және берілген СКГ, отынның жиынтық санын қамтамасыз етеді.

Басқару, дабылдану және бағаналарды қорек блоктары операторлық орындарында орналастыруы тиіс.

10 Қоршаған ортаны қорғау

10.1 АЖС-АГЖС-да орналасқан технологиялық құрылғылардан ластаушы заттардың шығарындыларының негізгі көздері олардың тәулі, ай, жыл бойы қысқа мерзімділігі және (кезеңсізділігі) болып табылады.

10.2 АЖС-АГЖС аумағында жүзеге асырылатын технологиялық процесстер барысында атмосфералық ауаға СКГ және одорант булары шығады. Қозғалатын көліктен ауаға бензин бойынша көміртегі оксиді, азот диоксиді, көміртегілер, күкірттік ангидрит шығады.

10.3 Есептеулерді жүргізуде жабдықтың бір уақытта жұмыс істеуінің коэффициентін ескеру қажет және жердегі шоғырланудың максималды мәні жететін, кәсіпорынды пайдаланудың қалыпты шарттарында жыл бойы шынайы орынға ие боған шығарындылардың көздері үйлестіруін қабылдау қажет.

10.4 Алаңдарда беттік суларды ластаудың мүмкін көздері мыналар болып табылады:

- тазаларбаған немесе жеткілікті тазаланбаған тазаланған өндірістік және тұрмыстық ағыс сулары;
- алаңдардан беттік ағыс;

- құбыр жолдардан және басқа құрылыстардан зиянды заттардың сүзгі ағулары;
- көлік;
- өндіріс қалдықтарын сақтау орындары (асфальтирленген алаңдар, контейнерлер, сыйымдылықтар және т.б.).

10.5 Сулы ресурстарды қорғау және рационалды пайдалану үшін, сондай-ақ беттік суды қорғау бойынша бөлімшелерді әзірлеуде беттік суларды ластауды алдын алу үшін нысанның суды пайдалану және суды жіберу режимдері анықталуы тиіс.

10.6 АЖС-АГЖС алаңдарында жерді қайта құнарландыруы қарастырылуы тиіс, ереже бойынша алынған топырақ қабатын аумақты көркейту үшін қолдану қажет.

10.7 Өндірістік-шаруашылық қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар, соның ішінде АЖС-АГЖС пайдаланумен байланысты болғандар: Предприятия при осуществлении своей производственно-хозяйственной деятельности, в частности, связанной с эксплуатацией АЗС-АГЗС обязаны:

- қажетті табиғатты қорғау шаралар жиынтығын мүлтіксіз орындауға;
- экологиялық нәтижелері алдын ала анықталмаған кез келген қызметтің түрі жіберілмейді, қоршаған табиғат ортаға мүмкін болған нәтижелердің әсерін міндетті түрде ескеріп қызметтің барлық түрін орындауға;
- көліктік құралдарды құю технологиясына сәйкес АЖС-АГЖС пайдалануын қатты бақылауға;
- оқыс оқиғалар жіне апаттар және оларды жою және шектеу бойынша қабылданатын шаралар туралы қажетті және нақты ақпаратты уақытылы көрсетуге міндетті

10.8 АЖС-АГЖС-да көліктік құралдарды құюдың технологиялық процесін қатты қадалағанда АЖС-АГЖС оқыс оқиға және апат пайда болғанда ғана мүмкін болған, және оларды жою және шектеу жоспарына сәйкес жойылуы тиіс адамға және қоршаған табиғат ортаға теріс әсер ету факторы жоқ.

11 АЖС-АГЖС пайдалануына болған талаптар

11.1 АЖС-АГЖС пайдалану қазіргі заңға, мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысыға, қазіргі «Қазақстан Республикасының мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету кәсіпорындарын пайдалануда өрттік қауіпсіздік ережелеріне», «Мұнай базаларын және авто жанармай құю станцияларын пайдалануда қауіпсіздік техника және промсанитария бойынша ережелеріне», пайдалану бойынша нұсқаулыққа және басқа нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

11.2 Әр АЖС-АГЖС-да лауазымдық, өндірістік нұсқаулықтар және қауіпсіздік және өртке қарсы қауіпсіздік техника бойынша нұсқаулықтар әзірленуі тиіс, сондай-ақ паспорт жүргізілуі тиіс.

11.3 АЖС-АГЖС иесі мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

- осы нормаларға және басқа нормативтік құжаттарға сәйкес АЖС-АГЖС жұмысына қатысты жабдықтарды, СКГ газбен жабдықтау жүйелерін қауіпсіз пайдалану;
- автомобильді цистерналардан ЖМТ және СКГ қабылдау;
- қоймаларда ЖМТ және СКГ сақтау;
- авто көліктік құралдар баллондарының СКГ құю;
- апаттар, жазатайым оқиғаларды және апаттық жағдайларды алдын алу бойынша шараларды әзірлеу мақсатында оларды уақытылы талдау, зерттеу және есептеу.

11.4 АЖС-АГЖС жабдықтарын, құбыр жолдарын, ғимараттарды және ұрылыстарды техникалық пайдалануда техникалық қызмет көрсету, жоспарлық жөндеулер (ағымдағы және капиталды), апаттық-қайта қалпына келтіру жұмыстары және қоймалардың техниалық куәландырылуы жүзеге асырылуы тиіс.

11.5 АЖС-АГЖС технологиялық жабдықтары, газ құбырлары, арматура, электр жабдықтары, желдету жүйелері, өлшем құралдары, жарылыс өрттік қауіпті өндірістерінің

бұғаттау және дабылдануы бұзыларды табу және оларды уақытылы жою мақсатында әр ауысымда тексерілуі тиіс.

11.6 Пайдалануда табылған газ ағулары тез арада жойылуы тиіс.

Түзелмеген агрегаттар, қоймалар және газ құбырлары тез арада өшірілуі тиіс.

11.7 Әр АЖС-АГЖС-да басшылық ведомствалық бақылауды ұйымдастыру және өткізу бойынша ережелерді (нұсқаулықтарды) әзірлеу және бекіту тиіс.

11.8 АЖС-АГЖС басшылығы, мамандары және өндірістік қызметкерлері олардың ережелерді және нормаларды бұзуы апаттық және жазатайым оқиғаға алып келгеніне карамастан, жіберген қателіктері үшін жеке жауапкер болады.

11.9 Қосу реттеуіш жұмыстарды өткізуден және қоймаларды сұйытылған газбен толтырудан алдын кешендік бацқауға арналған станциялар жабдықтарын қабылдауын қамтамасыз етілуі тиіс, апатқа қарсы және өртке қарсы қорғаудың автоматты құралдары іске кірісуі тиіс.

11.10 Газды құбырларды газбен үрлеуден бұрын АЖС-АГЖС-да қосу реттеуіш жұмыстарды жүргізуде қоймалар және газды жабдықтарды ауамен бақылауыш сығышдауға ұшыратады.

11.11 АЖС-АГЖС ұйымының бастығының бұйрығымен ғимараттар, қоршаулар және құрылыстарды дұрыс пайдалануына, олардың жөндеу мерзімдері және сапасын бақылау, сондай-ақ жолдар, тротуарлар, ғимараттар төсеніші және АЖС-АГЖС аумағында көркендіру (суару, көгалдандыру, жинау және т.б.) жауапты тұлғаны тағайындалады.

11.12 Бірінші екі жылда АЖС-АГЖС ғимараттар, құрылыс және жабдықтар фундаментінің шөгуін мұқият қадағалауы жүргізіледі.

Қарау және өлшеу 3 айда бір реттен кем емес жүргізіледі.

11.13 Қауіпсіздік автоматиканың, автоматтық реттеудің аспаптары және құрылғылары және бақылауыш-өлшеуіш аспаптары көрсеткіштердің дәлдігін қамтамасыз етуі тиіс, зауыт-өндіруші нұсқаулықтарына сәйкес қарастырылатын талаптарға жауап беретін дұрыстау жағдайына ие болуы тиіс.

11.4 Салыстырып тексерудің өткен мерзімі бар бақылауыш-өлшеуіш аспаптарды пайдалану жіберілмейді.

11.5 АГЖС газ құбырларында және жабдықтарында орнатылған қауіпсіздік, автоматтық реттеудің аспаптары және құрылғылары және бақылауыш-өлшеуіш аспаптары мыналардан өтуі тиіс:

- техникалық қызмет көрсету;
- жөндеу;
- көрсеткіштердің түзету және дұрыстығын тексеру;
- қорғау, бұғаттау және дабылдану құрылғыларының жұмыс істеуін тексеру;
- мемлекеттік салыстырып тексеру.

11.6 Бақылауыш қоспаларда жарылысқа дейінгі шоғырланулардың дабылдатқыштар жұмысының салыстырып тексеруді зауыт-өндірушінің нұсқаулығына сәйкес токсанына бір реттен кем емес өткізілуі тиіс.

11.7 Бір уақытта БӨП-ң және автоматиканың техникалық қызмет көрсетуіне және газ құбырлардың, қоймалардың және электр жабдықтардың техникалық қызмет көрсетуіне жол беріледі. АЖС-АГЖС қызметкерлеріне аспаптарды ашуға рұқсат етілмейді.

11.8 Қауіпсіздік автоматикасы және бұғаттауын өшіру жұмыстың апатсыздық және қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, қосымша шараларды құру шарттарында журналда жазбамен АЖС-АГЖС басшылығының жазбаша ұйғарымы бойынша тек қысқа уақытқа жіберіледі.

11.9 Газданғандық шарттарда автоматтау, өртке қарсы қорғау және дабылдану жүйелерін реттеу және жөндеу бойынша жұмыстарға тыйым салынады.

12 Кепілдік міндеттер және жауапкершілік

12.1 Зауыттық жеткізуші жабдықтарының кепілдік міндеттерін зауыт-өндіруші алады.

12.2 Жобалық шешімдердің, құрылыстық жөндеу жұмыстары сапасының кепілдік міндеттерін АЖС-АГЖС жабдықтарын жобалау, құрылысы және жөндеуі бойынша сәйкес жұмыстарды орындаған ұйымдар алады.

12.3 Апат, төтенше жағдайлар, заңды бұзу оқиғалары пайда болған жағдайда заңды тұлғаның жауапкершілік шамаларын бағалау үшін себептерді зерттеуге арналған комиссия құрылады.

12.4 АЖС-АГЖС жобалауына, құрылысына, жабдықтарын жөндеуіне және пайдалануына қатысты болған барлық заңды тұлғалар қазіргі күші бар республиканың заңына сәйкес жауапкершілікті алады.

Библиография

- [1] ҚР ҚНЖЕ 3.01-01-2008* «Қала құрылысы. Қалалық және кенттік жерлерді жоспарлау және құру»
- [2] ҚНЖЕ П-89-80* «Өнеркәсіптік кәсіпорындардың басты жоспарлары»
- [3] ҚНЖЕ 3.06.03-85 «Автомобильді жолдар»
- [4] ҚР ҚНЖЕ 3-05-01-2010 «Магистральді құбыржолдары»
- [5] ҚР ҚНЖЕ 2.01.19-2004 «Құрылыстық конструкцияларды коррозиядан қорғау»
- [6] ҚНЖЕ 3.04.03-85 «Құрылыстық конструкцияларды және құрылыстарды коррозиядан қорғау»
- [7] ҚР ҚН 1.02-03-2011 «Құрылыстың жобалық құжаттамаларын әзірлеу, келісу, бекіту және құрамы тәртібі»
- [8] ҚР ҚНЖЕ 3.02-04-2009 «Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттары»
- [9] ҚР ҚНЖЕ 4.01-02-2009 «Сумен жабдықтау. Сыртқы желілер және құрылыстар»
- [10] ҚНЖЕ 3.05-04-85* «Сыртқы желілер және құрылыстар, сумен жабдықтау және канализация»
- [11] ҚР ҚН 4.01-02-2011 «Ғимараттардың және құрылыстардың ішкі су құбыры және канализациясы»
- [12] ҚР ҚН 4.02-02-2011 «Жылыту, желдету және кондиционирлеу»
- [13] ПУЭ «Құрылыс және электр қондырғылардың ережелері»
- [14] ҚР ҚН 2.04.02-2011 «Табиғи және жасанды жарықтандыру»
- [15] ҚР ҚН К 2.02-11-2002* «Ғимараттарды, бөлмелерді және құрылыстарды автоматты өрттік дабылданумен, автоматты қондырғылармен және өрт туралы адамдарды хабардар ету жүйелерімен жабдықтау нормалары»
- [16] ҚР ҚН 4.03-01-2011 «Газ таратушы жүйелер»
- [17] ҚР ҚНЖЕ 3.05-09-2002* «Технологиялық жабдық және технологиялық құбыр жолдары»
- [18] NCM G.05.02 – 2011 "Автомобильдерді сұйытылған көмірсутекті газбен құюға арналған станциялар, орындар және моноблоктар "
- [19] ГОСТ 12.1.029-80 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Шуылдан қорғаудың құралдары және әдістері. Жіктелуі.
- [20] ГОСТ 12.4.051-87 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Есту мүшесінің жеке қорғау құралдары. Жалпы техникалық талаптар және сынау әдістері.
- [21] ГОСТ 1125-03 Жол белгілері. Жалпы техникалық талаптар.
- [22] ГОСТ 8220-85 Жер асты өрттік гидранттары. Техникалық шарттар.
- [23] ГОСТ 9544-2005 Тиекті құбыржолды арматура. Бекітпелердің қымталық топтары және нормалары.
- [24] ШНК Автомобильді жанармай станциясы